

---

# ӘЛЕМНІҢ БӘСЕКЕҚАБІЛЕТТІ 50 ЕЛДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛУ ШЕҢБЕРІНДЕГІ РЕСПУБЛИКА АЙМАҚТАРЫ МЕН САЛАЛАРЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ И ОТРАСЛЕЙ В СВЕТЕ ВХОЖДЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ В ЧИСЛО 50-ТИ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СТРАН МИРА

ӘОЖ 338.45(574)

## Қазақстан экономикасындағы кәсіпкерліктің қалыптасуы мен түрлері

Ержанова С.Қ., Абаев А.А.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье раскрываются сложившиеся в мире виды и формы предпринимательства, рассматриваются его особенности в Казахстане. Выделяются принципы и методы осуществления предпринимательских функций на профессиональном уровне. Особое внимание обращается на малое предпринимательство как на стратегический фактор обеспечения занятости населения и экономического роста. Обобщается богатый зарубежный опыт поддержки малого предпринимательства. Авторами даются рекомендации по его использованию в нашей стране; обосновывается целесообразность сочетания накопленного в мире опыта и специфики осуществления предпринимательской деятельности в условиях современного Казахстана.

The kinds which have developed in the world and business forms reveal. Its features in Kazakhstan are considered. Principles and methods realization entrepreneurial functions at professional level are allocated. The special attention addresses on small business as the strategic factor of maintenance of employment of the population and economic growth. Rich foreign experience of support of small business is generalized. Recommendations about its use in our country are made. It is proved combinations of the experience saved up in the world and specificity enterprise activity in the conditions of modern Kazakhstan.

### *Кәсіпкерлік фирмалар және оларды басқару*

Кәсіпкерлік немесе шағын бизнес, туралы теориялық концепция алғашқы рет 1725–1730 жылдары Ричард Кантимионның еңбектерінде баяндалды. Кейінгі 250 жыл шегінде кәсіпкерлік теория әр түрлі ғалымдар мен экономистердің еңбектерінде дамытылды, олар бірте-бірте кәсіпкерлік бұл адамның тәуекел мен жаңартпаға деген бейімділігі ғана емес, қорыта келгенде, жаңа кәсіпорын құруды білдіретін ұғым деген пікірге келді.

Алғашқыда «кәсіпкерлік» термині тәуекел сөзімен, ал кәсіпкердің өзі тауарды өндіру мен өткізуде белгілі бір тәуекел мен жауапкершілікті өз мойнына алған адаммен байланыстырылды. Мысалы, 1725 жылы Кантимион кәсіпкерлікті өз мойнына тәуекелді алумен байланыстырып, капитал салушы кәсіпкерлер мен өз еңбегін, ресурстарын қолданушыларды ажыратып отырды. Ол кәсіпкерді өзіне-өзі жұмыс орнын жасайтын адам ретінде қарастырды. Адамды белгілі бір төлемақы, сыйақы үшін жұмыс істеу қанағаттандырмаса, ол өз ойларын жүзеге асыру жолдарын іздей бастайды, сөйте келе ол кәсіпкерге айналады. Кантимионның пікірінше, кәсіпкерлердің басты ерекшелігі — олардың тұрлаусыз жағдайларда жұмыс істеуі.

Адамзат тарихы көрсеткендей, шаруашылық жүргізу формаларының ең тиімдісі нарықтық экономика екені белгілі. Ол еңбекке ынталылықты тудырады, тауар өндірушілерге экономикалық


бостандықты қамтамасыз етеді, өндірушілердің үстемділігін жояды, өндірісті тұтынушылардың тілегіне бағындырады. Бұлай деп айта салу оңай болғанмен, аталған мақсаттарға басқару жүйесін жетілдірмей тұрып қол жеткізуге болмайтыны айдан анық.

Басқару мен өзін-өзі басқару мәселесін біз басқару объектілерінің түрлерінен бастағанды дұрыс көрдік.

Кәсіпкерлік фирмаларды басқару және өзін-өзі басқару бизнеспен тығыз байланысты болғандықтан, олар туралы да айтпай кетуге болмайды.

Бұлай дейтініміз, көптеген оқулықтарда осы уақытқа дейін фирмалар, оларды басқару процестері өз орындарын таппаған. Басқаруды кәсіпорындардан бастау олардың экономикалық құрылымдағы байланыстырушы элемент ретінде қызмет атқаратынына байланысты.

Айтылған пікірді түсіну үшін, «Адам–Табиғат–Қоғам» деп аталатын күрделі және жан-жақты, өзара тығыз байланысты үшбұрышқа көңіл аударайық. Осы үшбұрыштың арақатысын байланыстырушы түйін ретінде фирманың және оны басқару жүйесінің алатын орны бөлек (сур. қара).



Сур. А — адам; К — қоғам; Т — табиғат

Суреттегі А элементі — қоғамның қызметкері, ішкі ортаның басты компоненті адам екендігін көрсетеді. К элементі фирманы барлық сыртқы элементтермен біріктіреді, олар: өндіруші, яғни сатушылар және сатып алушылар, үкіметтік және қоғамдық ұйымдар, бәсекелестер және банктер, тағы сол сияқты көптеген субъектілер. К желісі компанияның қоғаммен байланыс және басқару бағытын анықтайды. Бұл байланыс әр уақытта басқару жүйесі арқылы, сыртқы факторларды еске ала отырып жүзеге асырылады. А желісі — адам және компанияның арасындағы қатыстың символы, немесе бұл ішкі факторларды басқару жүйесі. Маркетинг нысана генераторы қызметін атқарса, менеджмент осы нысанаға жетуді қамтамасыз ететін құрал. Бірақ та басқару жүйесіндегі эволюцияны түсіну үшін табиғат пен қоғамның (адамның) кең өрісті байланыстарын реттейтін Т арасындағы желіні естен шығармауымыз керек.

Кәсіпкерлік ел экономикасының жандануы мен одан әрі қарай дамып, тұрақты өсуінің қамтамасыз етілуін іске қосушы тұтқасы ретінде бизнестің әр алуан түрлері мен ұйымдық формаларынан тұратын нарықтық шаруашылықты қалыптастыру мен оның жұмыс істеуінде үлкен маңызға ие. Ол өзінің икемділігіне және өзгермелі нарықтық жағдайларға тез бейімделуіне байланысты теңдессіз артықшылықтарының негізінде нарықтық экономиканың ұтқыр және нәтижелі секторына, сонымен қатар маңызы құрылымдық және бәсекелестік нарықтық механизмнің маңызды интеграциялық элементіне жатады. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың нәтижесінде ұсақ және орта сериялы өндірістер негізінде нарықты тауар және қызметтермен толтыру, жергілікті шикізат ресурстары мен өндіріс қалдықтарын кеңінен пайдалану, қоғамның «орта сыныбын» қалыптастыру және халықты жұмыспен қамту мақсатында қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейту мәселелері тез арада шешімін табады. Әсіресе жұмыссыздық деңгейі елеулі

белең алған кезеңде кәсіпкерліктің қосымша еңбек салаларын және жұмыс орындарын көбейтуге ықпал етуі оның маңыздылығы мен артықшылығын елеулі дәрежеде арттырады. Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын құрылымдарда жоғары қарқынмен жұмыс орындарын құру және осының негізінде халықты мүмкіндігінше толық жұмыспен қамтамасыз ету елімізде және оның жекелеген аймақтарында жұмыссыздықтың салдарынан туындаған әлеуметтік шиеленістерді азайтады. Сондықтан дамыған нарықтық экономикасы бар елдерде кәсіпкерліктің, әсіресе шағын орта және ірі бизнес сияқты түрлеріне деген қызығушылық азаюдың орнына арта түсуде.

Шағын және орта кәсіпкерлік проблемасының кешенді шешімін табу үшін олардың өзара тәуелді түрде дамуын ұйғаратын жалпы бағдарламаның дайындалуы қажет. Бұл бағдарлама шағын және орта бизнес арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерліктің қалыптасуы мен дамуының барлық жағын қамтуы керек.

Кәсіпкерлікті қолдаудағы қызметтегі орталықтарда шағын бизнестің даму мүддесі бойынша арнайы агенттіктер, оқу-іскерлік және ақпараттық пункттер, бизнес-инкубаторлар, несиелі ретінде жүретін өзара кредит қоғамдарын құру қажет. Институционалды инфрақұрылымда мұндай элементтердің болуы оның маңыздылығын арттырып және шағын кәсіпкерлік субъекттеріне көмекпен қолдау көрсетеді. Мысалы, өзара несиелендіру қоғамы уақытша бос құралдарды жинаумен айналысып және оларды қоғам мүшелеріне несиелі ретінде береді. Егер бұл қоғам шағын кәсіпкерлікті қаржыландыруға арналған сақтандыру ұйымы немесе банк болса, онда ол барлық банкілік қысқа мерзімді операцияларды (мақсаттық несиелендіру басқасы) орындай алады, ең алдымен, тауарлы-комиссиондық есеп және вексельдермен қамту қажет. Сонымен қатар бұл қоғам коммерциялық банкілерге және қалалық қорларға шағын кәсіпкерлікті несиелендіру бойынша олардың қаржылық жағдайын қажетті тексеруден соң өзінің ұсыныстарын бере алады. Халықтың жеке ішкі сақтауларын шаруашылық айналымға тартумен айналысатын мұндай қоғамдарға ұқсас кәсіпкерлік құрылымында несиелік серіктестік, өзара сақтандыру қоғамын және басқа да қызмет түрлерін құруға болады.

Қазіргі жағдайда көптеген кәсіпкерлер шағын және орта кәсіпорындар қызметіне қажетті құрал-жабдықтар мен қозғалмайтын мүліктерді тез арада сатып алу үшін жеткілікті қаржыға ие емес. Сол себептен өндірісті ұйымдастыру барысында лизингтік фирмалар мен компаниялар аукциондар мен инвестициялық саудаларды жүргізетін орталықтарда қызмет көрсете отырып, маңыздылығын арттырады. Сондай-ақ кәсіпкерлік қызметті тиімді ұйымдастыру және жүргізу үшін консалтингтік, маркетингтік, инвестициялық, құқықтық және тағы басқа маманданған фирмалар мен компаниялардың қызмет көрсетуі маңызды. Қазақстанда аса қажетті болып табылатын осы саланың дамымағандығы салдарынан аталмыш қызметтерді ұсынатын шетелдік компаниялар мен фирмалардың бөлімшелерін ашуға мүмкіндік жасау уақыт талабы болып отыр.

#### *Кәсіпкерлік фирмалардың түрлері*

Кәсіпкерлік фирма дегеніміз — азаматтардың және ұйымдардың заңды кәсіпкерлік қызметінің түрі. «Кәсіпкерлік фирма» — заңды экономикалық термин. Қазақстан Республикасындағы барлық кәсіпкерлік фирмалар қызметтерінің іс жүйесін Қазақстан Республикасының заңы реттейді.

Қазақстан Республикасы бекіткен ереже бойынша жалдамалы еңбекті пайдаланбайтын ұжымдар жеке еңбек әрекеті, ал жалдамалы еңбекті пайдалану арқылы жүргізілетін кәсіпкерлік әрекет өнеркәсіп ұжымы болып тіркеледі.

Сөйтіп, кәсіпкерлік фирма — жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын кәсіпкерліктің бір түрі. Рыноктық экономика дамыған елдердің бәрінде де саны және сапасы жағынан әр түрлі кәсіпкерлік фирмалар бар. Фирмалардың әр түрлі болуы олардың меншік түріне тікелей байланысты. Сонымен қоса кәсіпкерлік фирмалар өнім ассортименттерінің әр түрлілігімен, одақтарға кіру тәсілімен, бәсеке жүргізу жағдайы және бәсекелестік жолы жағынан ажыратылады [1–3].

Сапалық көрсеткіштер негізіне меншік түрлері жатады. Олардың ішіндегі жиі кездесетін түрлерін атап өтелік:

- жеке меншіктегі фирмалар;
- жауапкершілігі шектелген ұжымдық кәсіпорындар;
- мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар (Батыс елдерінде бұған мемлекеттік ұжымдық не мемлекеттік және меншіктік аралас меншіктегі капиталдары бар өнеркәсіптер де жатқызылады);
- фирмалардың филиалдары мен өкілдіктері.

Сонымен қоса фирмалардың сапалық және сандық сипаттамалары бар. Кәсіпкерлік фирмалар сапалық жағынан меншік түрлеріне байланысты болса, сандық жағынан жұмыскерлер саны мен капиталдың жылдық айналым мөлшеріне қарай ажыратуға болады.

Өнеркәсіптердің сандық параметрі қызметкерлердің санына сәйкес мына төмендегідей бөлінеді (мысалы, АҚШ):

- ең шағын өнеркәсіптер (қызметкерлер саны 10-нан аспайды);
- өте ұсақ өнеркәсіптер (қызметкерлер саны 20-дан аспайды);
- ұсақ өнеркәсіптер (қызметкерлер саны 99-дан аспайды);
- ірі өнеркәсіптер (қызметкерлер саны 500-ден астам).

Басқа елдердегі кәсіпкерлік фирмалардың түрлерін ажырату сандық параметрлері жағынан осыған ұқсас.

Өнеркәсіптер капиталдың жылдық айналым мөлшеріне сай төмендегідей бөлінеді (Германия):

- ұсақ өнеркәсіптер (капиталдың жылдық айналымы 25 мың маркадан аспайды);
- орта және ірі өнеркәсіптер (25 мың маркадан жоғары).

Фирманың сандық параметріне қарай олардың жауапкершілігі де өзгереді. Мысалы: ұсақ және өте ұсақ өнеркәсіптер, жауапкершіліктері шектелмеген жеке меншіктегі фирмалар немесе ұжымдық кәсіпорындары тобын айтуға болады. Орта және ірі фирмаларға көбіне жауапкершілігі шектелген акционерлік қоғамдар жатады [4–6].

Нарық экономикасы дамыған елдердің бәрінде де кәсіпкерлік фирмалардың әрекеттерін заң қорғайды және олардың өнімдері қоғам үшін аса қажетті деп саналады.

Қазақстан Республикасы экономикасындағы кәсіпкерлік фирмалардың қалыптасуы төмендегідей өтуде: жеке меншіктегі жауапкершіліктері шектелген ұжымдар, кәсіпорындар азаматтардың мемлекеттік, муниципалдық және басқадай меншіктегі кәсіпорындарды сатып алу немесе жаңа кәсіпорындар ұйымдастыру арқылы пайда болуда. Әрбір меншік иесі фирманың барлық алған міндеттемелері үшін толық жауап береді. Ол фирманың капиталын алған, алынған кірістен немесе пайдадан, табыстардан не болмаса меншік иесінің жеке жарнасынан пайда болады.

Нарықтық экономика қалыптасқан елдерде меншік классикалық жеке меншік емес, яғни бір-ақ адамның меншігі сирек кездеседі. Мұнда меншіктер көбіне ұсақ кәсіпкершілік түрінде болады. Мысалы, Американың ауыл шаруашылық секторында орта жылдық кірістері 50 мың долларға жететін 11 миллион дербес фирмалар бар.

Тек меншік иелерінің жалпы табысы 3 млн. долларға жететін бөлігі 0,4 % құрайды. Ал олардың әрқайсысының таза пайдасы 200–300 мың долл. шамасында болады. Ірі және орта кәсіпкершілік классикалық жеке меншік иелігінде бір мезгілде кездесетін өте сирек жағдай.

Жауапкершілігі шектелмеген ұжымдық кәсіпорын деп ұжымның барлық мүшелері бірлесіп әр іске толық жауап беретін, қалыптасқан, заң жүзінде статусы бар кәсіпкерлік әрекеттерінің түрін айтады. Олардың әрқайсысы фирманың қызмет қорытындысына өздерінің барлық мүліктерімен жауап береді. Рынок экономикасы дамыған елдерде кәсіпкерлік фирмалар, серіктестіктер, кооператив және ұжымдық (халықтық) өнеркәсіптер түрінде кездеседі. Мысалы, Американың экономикасында серіктестіктердің саны 2 млн. ға жуық (бұл ұсақ кәсіпкерлік сфераның 10 % шамасында). Американың кооперативтік секторы, ауыл шаруашылық саласын қоса есептегенде, тек өндірілген өнімнің 5–6 % ғана қамтиды. Америка экономикасының 3–4 % еңбекшілердің өздері сатып алған ұжымдық (халықтық) кәсіпорындарынан тұрады.

Қазақстан Республикасының «Кәсіпорындар және кәсіпкерлік туралы» Заңында кооперативтік кәсіпорындар туралы және оның даму жолы былай сипатталады.

Болашақта кооперативтік кәсіпкершіліктің және ұжымдық (халықтық) кәсіпорындарының даму жолы, шетелдегі сияқты, жауапкершілігіне шек қойылуға тиіс.

Ал жауапкершілігі шектелмеген ұжымдық кәсіпорындарына қарапайым толық серіктестік жатады.

«Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік туралы» Заңына сәйкес толық серіктестіктің кооперативтік кәсіпорыннан көп айырмашылығы бар. Кәсіпкершіліктің бұл түрі негізінен уақытша келісім шарты бойынша жұмыс істейді.

Толық серіктестіктің, қарапайым серіктестіктің, кооперативтік, ұжымдық кәсіпорынның жалпы белгісі — олардың құрамына кірушілердің жауапкершілігі шектелмеген.

Мұнымен қатар жауапкершілігі шектелген серіктестіктер де кездеседі. Серіктестіктің бұл түрі Ресейде «үлестік серіктестік» түрінде кең тараған. Қазір жауапкершілігі шектелген қоғам Батыс елдерінде кең өріс алған. Ондай фирмаларда иелерінің жауапкершілігі шектелген деген белгі болады. Мысалы, ағылшын экономикасында «ЛТД» деген белгі әр фирманың атынан соң қойылады. Бұл белгі коммерциялық шарт жасағанда не өндірістік бағдарламаны анықтағанда, фирманың меншік иелерінің құрамын және олардың әрқайсысының фирманың кірісіндегі үлесін анықтап қана қоймай, онымен қоса олардың өз міндеттемесін орындау барысында қаржылық және мүліктік жауапкершіліктерінің үлесін ажыратуға мүмкіндік береді. Батыс елдері тәжірибесінде жауапкершілігі шектелген фирмалар құрамы құрылтайлық келісім арқылы немесе заңды құқы бар мекемелер арасында, сондай-ақ жеке азаматтардың арасында қалыптасады. Егер жауапкершілігі шектелген фирмаларды заңды құқығы бар мекемелер ұйымдастырса, онда фирманы жалдамалы қызметкерлер басқарады. Демек, меншік иесінен басқару жүйесі толық ажыратылады. Егер жауапкершілігі шектелген фирмаларды азаматтар (қоғамның құқықты мүшелері) ұйымдастырса, онда бұл азаматтар фирманың барлық жұмысын тікелей басқара алады.

Жауапкершілігі шектелген қоғамның тобына шаруашылықты бірігіп жүргізетін, заң арқылы бекітілген азаматтардың бірлестіктері немесе заңды құқы бар мекемелер жатады. Жауапкершілігі шектелген қоғамдар барлық меншік иелерінің жалпы жиналысында бекітілген жарғы негізінде жұмыс істейді. Жиналыста фирма құрамындағы әр меншік иесі, меншік иелерінің арақатынастары құрылтай шартында анықталып, қоғамның қаржысы бекітіледі. Жауапкершілігі шектелген қоғамды құру үшін меншік иелерінің 10 мың теңге капиталы болуы керек. Мұндай қоғамның жұмыс істеуіне байланысты иелерінің жарғылары да өзгеріп отыруы мүмкін. Кейбір меншік иелерінің қатысуынсыз-ақ жауапкершілігі шектелген қоғамның мүшелігінен шығарылуы да ықтимал. Фирманың орталықтасқан мүшелігінен шығару көбіне барлық мүшелердің жалпы келісімі арқылы болады. Мұнымен қоса жауапкершілігі шектелген қоғамның мүшесі осы қоғамның басқа мүшесінен өзінің алған қарызын қайтарып береді.

Осындай кәсіпкерлік фирманың ерекшелігі, бірін-бірі көптен білетін ортақтастардың жауапкершіліктерінің шектелуінде екенін айтқан жөн. Экономикада ортақтастардың арасында болатын келіспеушіліктер жанжалға барып, сот арқылы даулы мәселені шешу өте сирек кездеседі. Сөйтіп, дау-жанжал фирманың ішінде өзара келісіммен шешіледі. Шектелген жауапкершілігі бар қоғамның ең жоғарғы басқару орны — ұжым мүшелерінің (ортақтастардың) жалпы жиналысы. Жалпы жиналыстың мүшелері, осы қоғамның ортақтастары, не олардың өкілдері, егер қоғам дұрыс деп тапса, еңбек ұжымының өкілі бола алады. Егер жиналыстың шешімі бір немесе бірнеше қатысушылардың мүддесі туралы сөз қозғаса, онда олар дауыс беруге қатыспайды.

Жалпы жиналыс өзінің төрағасын сайлап алып, оның басқару мерзімі мен өкілдігін белгілейді. Жиналысты заңды деп тану үшін мүшелерінің не олардың өкілдерінің 60 % асатын дауыстары, ал бірауыздан қабылдайтын шешім алу үшін барлық мүшелері толық қатысулары керек. Бір ауыздан шешім қабылдау қоғам дамуының негізгі бағытын анықтағанда, жоспар мен есеп беру қорытындыларын бекіткенде, жарғыға өзгеріс енгізілгенде, қоғамның мүшелігінен шығару кезінде керек.

Шектелген жауапкершілігі бар қоғам шешімдерінің орындалуын жүзеге асырып отыратын қатысушылардың жалпы жиналысының алдында жауапты, атқарушы орган болады. Бұл не директор, не бас директор басқаратын дирекция. Қоғамның күнделік жұмысын дирекция басқарады. Бірақ ол қоғамның мүшелеріне міндеттелетін шешімді жеке қабылдай алмайды. Директор қашанда қоғам мүшелерінің арасынан сайланады.

Жауапкершілігі шектелген қоғам — тек серіктестік кәсіпкерлік фирманың бір түрі. Ал бұдан басқа аралас қоғамдар, акционерлік қоғамдар, сондай-ақ мемлекеттік және мемлекеттік емес иелікке негізделген өндіріс кәсіпорындары да бар.

Аралас серіктестік бірнеше азаматтардың және заңды құқығы бар мекемелердің бірлескен шарттары арқылы құралады. Аралас серіктестіктердің толық және үлестік-салымдарды (коммандиторлар) қосатын мүшелері болды. Аралас серіктестіктердің мүшелері серіктестіктің міндеттемесіне өзінің барлық мүліктерімен, ал үлестерін қосатын мүшелері серіктестіктің міндеттемесіне өзінің қосқан капиталының мөлшерінде жауап береді.

Батыс елдерінде бұл кәсіпкершілік фирманың түріне «коммандиттік серіктестік» деген анықтама береді. Ресей экономикасында фирманың бұл түрі «сенімге негізделген серіктестік» деген атпен белгілі болған. Қазіргі уақытта шетелдік экономикада бұл серіктестік, біріншіден, кәсіпкерлікпен

шұғылданғысы келетін, бірақ та жеткілікті қаражаттары жоқ жеке азаматтардың капиталдарын бір жерге жинақтау үшін, екіншіден, өздерінде нақты іс жүргізу, өздерінде жоқ жобаларды іске асыру үшін әр түрлі фирмалар капиталды пайдаланып, бөлініп кетуге құқылы. Біздің Республикамызда серіктестіктің бұл түрі өз шаруашылығымен емес, мемлекеттік кәсіпорындарының қаржылануы арқасында өріс алып келеді. Мысалы, қазір, бір жағынан, мемлекеттік өнеркәсіп командиторлар есебінде, екінші жағынан, осы өнеркәсіптің басшылары не олардың жанұя мүшелері, не серіктестіктің толық мүшесі ретіндегі олардың сенімді адамдары қатысатын аралас серіктестік пайда бола бастады.

#### *Акционерлік қоғамдар*

Акционерлік қоғамдар (корпорациялар) жауапкершілігі шектелген фирмалардың түріне жатады. Кәсіпкершілік фирманың мұндай түрі Батыста, әсіресе АҚШ-та тараған. Қазір АҚШ-та 3,5 миллионға жуық мемлекеттік емес корпорациялар бар. Айта кететін жайт, өнеркәсіптің барлық салаларында кәсіпорындарының акционерлік түрі басым. 50 миллионға жуық американдықтар әр түрлі бірлестіктегі акциялардың иелері, оның ішінде жартысынан көбін орта деңгейдегі жылдық кірістері төмен адамдар (15 мыңнан 50 мың долл. дейін) құрайды.

Бірлесіп шаруашылық жүргізетін азаматтар мен заңды құқығы бар мекемелердің бірлестігін акционерлік қоғам дейміз. Бұл қоғамның мүлкі ең алдымен акциялар, яғни акционерлік фирманың капиталындағы үлеске көмектер, жеңілдіктер, сыртқы экономикалық операциялар, мамандықты жоғарылату, экономикалық жобаларды даярлау, ғылыми зерттеулер, қоғамдық өмірде қандай болса да бір жобамен іске асыру үшін қоғамның әр түрлі саласындағы ынталы адамдардың мемлекеттік емес бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар және өнімді өндіру, жәрдемдесу орталықтары жатады.

#### *Қорлар*

Қорлар деп ассоциациялардың, бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдастықтардың, мемлекеттік институттардың, шетелдік және республика азаматтарының белгілі бір мақсатқа жұмсау үшін ақшалай немесе басқа қорлардың жиынтығын айтамыз.

Ақша қорлары нақтылы статистикалық бақылау жүргізіп отыру үшін арнайы ашылған банктағы есепшотта сақталады. Сөйтіп қорлар консорциумдардың, концерндердің, салалық мемлекеттік бірлестіктердің, акционерлік қоғамдардың, коммерциялық ұйымдардың, салааралық мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, жеке адамдардың топтарының немесе жеке адамдардың қарамағында болады.

Кәсіпорындардың, ұйымдардың, азаматтардың қорларын қалыптастырудың төрт жолы бар: 1) салалық және арнайы жиналған ақшалар; 2) субсидиялар; 3) заемдар; 4) міндетті және ерікті шаралар. Қорларды жұмсау әр түрлі субъектілердің немесе жеке азаматтардың белгілі бір тобының немесе жеке азаматтың басқаруы арқылы іске асырылады.

Қорлар өз жұмысын жалпы жиналыста бекітілген өздерінің уставына сай жүргізеді. Қашанда ұйымдасқан қордың құрылтайшылары: өндірістік бірлестіктер немесе одақтар, кооперативтер, арендаторлар, діни немесе саяси қайраткерлер, шығармашылық қызметкерлер.

#### *Фирмаларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату*

Фирмаларды құру процесінде ең күрделі мәселе меншік түрін анықтау болып табылады. Бұл құрылтайшылардың ішкі мәселесі. Бірақ дұрыс анықталған меншіктің түрі фирма жұмысының тиімділігіне және өзара қатыстардың тұрақтылығына пайдалы әсерін тигізеді.

Келесі кезең — құрылтай құжаттарын даярлау. Бұған кәсіпорын жарғысы, құрылтай шарты, тіркеу үшін даярланған құжаттар жатады. Бұл құжаттардың ең негізгісі — жарғы. Онда меншіктің түрі, сол сияқты кәсіпорынның мүддесі, мақсаты және бағыты анықталады. Құрылтай шартында құрылтайшылардың өзара қатыстары анықталады.

Фирмалардың мемлекеттік тіркеуін атқарушы үкімет мекемелері жүргізеді. Өкінішке орай, өмірде тіркеу тәртібін бұзу, пара алу сияқты келеңсіз жағдайлар да кездеседі. Атқару комитеттерінде тіркелген соң, фирма салық инспекциясының тіркеуінен өтуі керек, банкте өзінің есеп-шотын ашу, мөрі, фирмалық бланктары, штамптары, тағы басқа дербестігін көрсететін атрибуттары болуы керек. Міне, тек осыдан кейін фирма бизнес жүйесіне кіреді.

Кәсіпкерлік фирмалар қаржы бөлу арқылы өзінің дербес бөлімшесін де ашуы мүмкін. Олар заңды түрде құқығы бар мекеме болып саналады. Сонымен қоса кәсіпкерлік фирмалар заңды құқығы жоқ, бірақ ағымда есепшоты бар бөлімшелер мен өкілдіктерді де аша алады.

Фирма қызметі лажсыздан (сот арқылы) немесе өз ықыласымен жұмысын тоқтата алады. Сот шешімі кәсіпкерлердің іс-әрекетін тоқтату жөніндегі банкрот болған жағдайында қабылданып, кәсіпкершілікпен шұғылдану құқын жояды.

Фирманы тарату немесе қайта ұйымдастыру жағдайына байланысты тоқталуы да мүмкін (біріктіру, бөлу, кәсіпкерлердің фирманы басқаша ұйымдастыруы — құқықтық түрінде құруы).

#### Әдебиеттер тізімі

1. Бусыгин А.В. Предпринимательство: Учебник. — М.: Дело, 1999. — 640 с.
2. Горфинкель В.Я., Швандар В.А. и др. Курс предпринимательства: Учебник. — М.: Финансы; ЮНИТИ, 1997. — 439 с.
3. Хоскинг А. Курс предпринимательства: Практ. пособие: Пер. с англ. — М.: Международные отношения, 1993. — 352 с.
4. Кыдыралина Б.М. Организация малого предпринимательства в Республике Казахстан: макро-, мезо- и микроуровневые аспекты. — Караганда: Болашақ-Баспа, 2000. — 166 с.
5. Сабден О.С., Токсанова А.Н. Управление малым предпринимательством: вопросы теории и практики. — Астана: Елорда, 2001. — 308 с.
6. Кошанов А.К., Жатқанбаев Е.Б. и др. Малое предпринимательство: теория, мировой опыт и Казахстан. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2001. — 188 с.

УДК 338.482.2:658.012.2(075.8)

### Процесс и этапы цикла стратегического управления туристской фирмой

Нурсултан Д.Т.

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова*

Стратегиялық менеджмент әдістемесінің туристік фирманы жаңа тұрғыдан басқарудың маңызды элементіне айналғандығы көрсетілген. Стратегиялық менеджмент сыртқы орта факторларының аса тұрақсыз және уақыт тұрғысынан анықсыздық жағдайында басқару технологиясы ретіндегі мәні ашылып көрсетілген. Басқарудың барлық деңгейлеріндегі стратегиялық жоспарлау бойынша үйлестірудің негізгі принципі сатылы бағыныстылық принципі болып табылатындығына көңіл бөлінген. Клиенттерге белгілі бір қызметтер кешенін көрсетуге маманданған туризм саласының айрықша ерекшеліктері қарастырылған. Туристік фирманың салалық ерекшеліктері ескеріліп басқару үдерісі зерттелген. Туристік фирмалардың миссиясына және олардың мақсатының жіктелуіне назар аударылған.

It is noticed that the methodology of strategic management became an important element of the new approach to management of travel company. The essence of strategic management as technologies of management in the conditions of the raised instability of factors of environment and their uncertainty in time reveals. It is underlined that main principle of coordination of strategic management at all levels is the principle of hierarchical subordination. Specific features of branch of tourism which specializes on rendering of a certain complex of services to clients are considered. Process of strategic management by tourist firm is studied taking into account feature of branch. The basic stages of a cycle of strategic management of travel company are analyzed. The attention is given to mission and classification of the possible purposes of travel company.

Стратегическое управление, будучи необходимой составляющей деятельности турфирмы в современных условиях, базируется на общих концепциях и положениях, имеющих место и в других отраслях экономики, хотя и отличается рядом особенностей в реализации отдельных стратегий.

Период с 80-х годов XIX в. по 30-е годы XX в. называют, как известно, эпохой массового производства, сопровождавшегося процессом формирования его инфраструктуры. Основная задача, стоявшая в тот период перед организациями, заключалась в максимизации объемов производства слабо дифференцированного товара с минимальными издержками.